

**Жалғыз құрылтайшының
шешімімен БЕКІТІЛГЕН
«23» маусым 2026 жыл**

**«ЖАНСАЯ 2018»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЖАРҒЫСЫ**

Косшы, 2026

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Жансая 2018» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан былай Серіктестік деп аталады да, Қазақстан Республикасының заңдары, кәсіпорындардың шаруашылық қызметтерін реттейтін заң актілері бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2 «Жансая 2018» ЖШС шағын кәсіпкерліктің субъектісі ретінде құрылады, серіктестік орташа жылдық жұмысшылар саны елу адамнан аспайтын және активтердің жалпы құны жылына орта есеппен 60 мыңдық айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

1.3. Серіктестіктің фирмалық атауы:

➤ Мемлекеттік тілде: «Жансая 2018» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

➤ Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Жансая 2018»

1.4. Серіктестіктің орналасқан жері: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қосшы ауылы, Азаттық көшесі 17

1.5. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектеусіз.

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ

2.1 Серіктестіктің құрылтайшысы (бұдан былай мәтін бойынша қатысушы):

Лдетаев Асылан Даирович, ЖСН 920913350844, тұрғылықты жері: Ақмола облысы Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Пролетарская көшесі 25 үй.

3 СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқығына ие болады.

3.2. Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде есеп-шоттары болады.

3.3. Серіктестік өзінің қызметтік мақсаттарына жету үшін өзінің атынан шарт жасауға құқығына мүлктік және жеке мүлктік құқықтар мен міндеттерге ие болады, сотта жауапкер және талапкер бола алады.

3.4. Серіктестік республика аумағында және шетелдерде филиалдар, өкілдіктер құра алады, басқа да заңды тұлғалармен бірлестіктерге /одақтарға/ кіруге, және де басқа да заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқығы бар.

3.5. Серіктестік өзінің міндеттері бойынша барлық тиісті мүліктерімен жауапты. Мемлекет Серіктестіктің қарыздарына жауапты болмайды. Серіктестік мемлекет қарыздарына жауапты болмайды. Серіктестік өздерінің

құрылтайшысының міндетіне заңдармен қарастырылған кездерден басқа кезендерде жауапты емес. Серіктестік қатысушысы оның міндеті бойынша жауап бермейді және серіктестік қызметімен байланысты құрылтайшының салған салым бөлігі шегінде жауапты.

3.6. Серіктестік қолданылып жүрген заңдарға сәйкес облигация шығара алады.

3.7. Мемлекеттік органдар серіктестік қызметіне қатысуға құқығы жоқ. Мемлекеттік кәсіпорындар мемлекет келісімімен өкілетті органдар арқылы серіктестіктің қатысушылары бола алады. Егер заң актілермен өзгеше көзделмесе меншік иесінің рұқсатымен мекемелер Серіктестіктің қатысушылары бола алады.

4. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Серіктестіктің қатысушысы:

- серіктестік ісін басқаруға осы Жарғымен айқындалған тәртіпте қатысуға;

- серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік құжаттарымен танысуға;

- қолданып жүрген заңдарға шешіміне сәйкес Серіктестіктің қызметінен кіріс алуға;

- серіктестік тараған кезде кредиторлармен есеп айрысқаннан кейін мүлік бөлігінің құнын немесе заттай алуға;

4.2. Серіктестіктің қатысушысы қолданыстағы заңдарға сәйкес басқа да құқықтарға ие бола алады.

4.3. Серіктестіктің қатысушысы: серіктестіктің жарғы капиталына құрылтай құжаттарымен көзделген тәртіпте, мөлшерлерде, мерзімдерде салым салуға;

4.4. Серіктестік қатысушысы қолданып жүрген заңдарға сәйкес басқа да міндеттерге ие болады.

5. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

5.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты кіріс алу болып табылады.

5.2. Серіктестік қызметінің түрлері:

- мектепке дейінгі балалрды тәрбиелеу және оқыту қызметтерін;

- білім беру саласындағы қызметтер көрсету.

6. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТІ САТЫП АЛУШЫҒА БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН УАҚЫТЫ

6.1. Серіктестік қатысушысымен үлестің бөлігін/барлығын сату жөнінде шешім қабылданған жағдайда ол бұл жөніндегі шешімі жайында 15 (он бес) күнтізбелік күн аралығында атқарушы органға хабарлайды.

6.2. Атқарушы орган қатысушының үлестің бөлігін/барлығын сату жөнінде шешімін алған мезеттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн аралығында қатысушыға серіктестіктің ағымдағы уақыттағы шаруашылық-қаржылық қызметі жайындағы ақпаратты беруі тиіс.

6.3. Үлесті сатып алушы серіктестік қызметі жайындағы ақпаратты өзінің ниеті жайындағы өтінішінің атқарушы органда тіркеген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн аралығында ала алады.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

7.1. Серіктестіктің мүлкі құрылтайшы салымынан, Серіктестік алған кірістер және заңмен тиым салынбаған көздерден кірістер есебінен құрылады. Серіктестіктің жарғылық литалынын салымы ақшалар, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және өзге де мүліктер бола алады.

7.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы 100 000 (жүз мың) теңгені құрайды. Тіркеу кезінде жарғылық капитал толық құрылған.

7.3. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту заңдармен асырылады және оны толық төлеген кезде ұлғайтылады.

7.4. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту қатысушылардың салымдарын азайту жолдармен жүзеге асырылады. Серіктестік жарғы капиталын азайту туралы қатысушысының шешімі қабылданған күнінен бастап екі ай мерзімде кредиторларға жазбаша хабарлама жіберуі не серіктестіктер туралы мәліметтер жарияланатын ресіми баспаға хабарландыру жариялауға міндетті.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ

8.1. Серіктестікті басқарудың жоғарғы органы құрылтайшы болып табылады. Серіктестік қатысушысының айрықша құзыреті:

➤ Серіктестік Жарғысын өзгерту, соның ішінде жарғы капиталының көлемінің өзгеруі қоса алғандағы, тұрған жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе серіктестік жарғысын жана редакцияда бекіту;

➤ Серіктестіктің атқарушы органдарын құру және оның өкілетін тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе мүлікті оралымды басқаруға беру;

➤ Бақылау кеңесі мен тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттілігін ерте тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының есептерін және қортындыларын бекіту;

➤ Серіктестіктің жылдық қаржылық есептерін бекіту және таза кірістерді бөлу;

➤ Серіктестіктің ішкі қызметтерін реттейтін ережелер мен құжаттарды бекіту;

➤ Серіктестіктің басқа да шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

➤ Серіктестікті тарату және қайта құру туралы шешім;

➤ Тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;

➤ Барлық мүлікті кепілдікке беру туралы шешім;

➤ Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес серіктестіктің мүлкіне қосымша жарнамалар салу туралы шешім.

8.2. Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасаушы, серіктестіктің атқарушы орган болып директор табылады. Серіктестіктің директоры:

➤ Сенімхатсыз серіктестік атынан әрекет етеді;

➤ Серіктестіктің өкілі болуға құқық беретін сенімхат береді.

➤ Қызметкерлерге қатысты оларды қызметке тағайындауға және босатуға бұйрық шығарады, еңбек төлемдерінің жүйесін, қосымша ақы белгілейді, сыйақы беру мәселесін шешеді. тәртіптік шаралар колданады;

➤ Қатысушы немесе байқау органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

8.3. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін 3 адамдан тұратын (тексеруші) тексеру комиссиясы құрылады. Тексеру комиссиясы Серіктестік қатысушымен бір жыл мерзімге сайланады. Серіктестіктің атқарушы органның мүшелері тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

8.4. Тексеру өткізу үшін кәсіпқой аудитор шақыртылуы мүмкін.

9. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА КІРІСІН БӨЛУ

9.1. Серіктестіктің қызмет нәтижесінде алынған таза кірісті бөлу сәйкесті жылға. Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған қатысушының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

10.1. Серіктестік директоры еңбек қатынастарын реттейтін жалға алу шарттары, сондай-ақ басқа да нысандар негізінде қызметкерлерді жұмысқа алуға құқылы.

10.2. Серіктестік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтары беруде кепілдік береді.

10.3. Әрбір қызметкердің еңбек кірісі оның дербес үлесіне орай жұмыстың түпкі нәтижесімен айқындалады, жоғары деңгеймен шектелмейді және белгіленген ережелерге сай салық салынады.

10.4. Серіктестік дербес еңбек төлемдерінің нысандары мен жүйелерін айқындайды, еңбек шарттарының тарифтік ставкалары мен жалақылар мөлшерін қарайды.

10.5. Серіктестіктің қызметкерлері міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады. Серіктестік барлық жұмыс істейтіндердің қауіпсіз жұмыс жасауларына жағдай жасауға міндетті және заңдармен көзделген тәртіпте олардың денсаулықтары мен еңбек қабілеттілігіне келтірілген шығындар үшін жауапты.

11. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҚҰРУ

11.1. Серіктестікті қайта құру (қайта құрылуы, бірігуі қосылуы, бөліну, бөлініп шығуы) қатысушының шешімімен ерекше түрде жүзеге асырыла алады. Серіктестік қатысушы қайта құру, бірігу, қосылу, бөлу, бөлініп шығу туралы шешім қабылдағаннан кейін өзінің қайта құрылуы туралы хабарламаны несие берушілерге арнайы баспаларға беруі қажет.

11.2. Серіктестік өзге шаруашылық серіктестігіне немесе өндірістік кооперативтерге қайта құрылуы мүмкін. Мұндай жағдайда қабылдау актісі бойынша барлық құқықтар мен міндеттер қайта құрылған серіктестікке өтеді.

12. СЕРІКТЕСТІКТІ ТАРАТУ

12.1. Серіктестік:

- Қатысушының шешімі бойынша;
- Сот шешімі бойынша;
- Заң актілерімен көзделген басқа да жағдайларда таратыла алады.

12.2. Серіктестікті таратуды Серіктестік қатысушысы тағайындалған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған серіктестікті басқару өкілеттігі өтеді.

12.3.Тіркеу аяқталған болып, ал Серіктестіктің қызметі тоқтатылған болып заңды тұлғалардың бірінғай мемлекеттік тізіліміне осы туралы жазба енгізілген сәттен бастап есептеледі.

ЖШС ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ:

Лдетаев Асылан Даирович

